

**Шығыс Қазақстан облысы бойынша ауызсумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың ерекше маңызды топтық және оқшау жүйелерінен халыққа берілген ауызсудың бір текше метрі үшін төлемақы мөлшері туралы**

Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2021 жылғы 14 желтоқсандағы № 12/111-VII шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 23 желтоқсанда № 25967 болып тіркелді

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы шешімінің қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз.**

Қазақстан Республикасы Су кодексінің 38-бабына сәйкес, Шығыс Қазақстан облыстық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Шығыс Қазақстан облысы бойынша ауызсумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың ерекше маңызды топтық және оқшау жүйелерінен халыққа берілген ауызсудың бір текше метрі үшін төлемақы мөлшері бекітілсін.

2. Осы шешімнің қосымшасының 1 және 2-тармақтары оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2021 жылғы 16 тамыздан бастап туындаған қатынастарға қолданылады және 2021 жылғы 31 желтоқсанға дейін әрекет етеді, осы шешімнің қосымшасының 3 және 4-тармақтары 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Шығыс Қазақстан облыстық  
мәслихатының хатшысы*

*Д. Рыпаков*

Шығыс Қазақстан облыстық  
мәслихатының  
2021 жылғы 14 желтоқсандағы  
№ 12/111-VII шешіміне қосымша

**Шығыс Қазақстан облысы бойынша ауызсумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың ерекше маңызды топтық және оқшау жүйелерінен халыққа берілген ауызсудың бір текше метрі үшін төлемақы мөлшері**

№	Қызметтерді тұтынушылардың атауы	Төлем мөлшері, теңге/м3
1	Ауызсуды есепке алу аспаптары бар тұтынушылар үшін	30
2	Ауызсуды есепке алу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін	40
3	Ауызсуды есепке алу аспаптары бар тұтынушылар үшін	45

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК